

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қ. Алдажұманов «Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні» А,1995ж.
2. Қ. Өскенбаев «Тұлға тағылымы» А,2000ж.
3. Алаш айнасы. «Ә. Ермаковтың қоғамдық-саяси қызметі» 2011ж. №22.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Мейрамбекқызы Н.,

Қарағанды технологиялық және сервис колледжі тарих пәні оқытушысы

Бақытжан М.,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан тарихы және ҚХА кабинетінің жетекші маманы
Қарағанды қ., Қазақстан

*Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз
Енді ешкімнің алашты
Қорлығына бермейміз!
Өлер жерден кеттік біз
Енді мәңгі өлмейміз!
Жасасын, Алаш, жасасын!
(С.Торайғыров)*

Алаш қозғалысының тарихы - қазақпен бірге жасайтын мәңгілік тарих. Ұлтының мәңгілігін ойлаған Алаш зиялыларының тарихи аз уақытта қазақ халқына сіңірген еңбектерін бағалау – қазіргі және келешек ұрпақтың жадынан шықпайтын қастерлі борышы деп білеміз.

Алаш зиялылары аумалы-төкпелі кезеңде, қазақ халқы келешекте жер бетінде өмір сүре ме деген сұрақ туындаған дәуірде өмір сүріп, халқының болашағы үшін бастарын бәйгеге тікті.

Алаштың көшбасшылары Ресей империясы мен жаңадан билікке келген құйтұрқы саясат ұстанған, империялық пиғылды жалғастырған коммунистердің қазақ халқына ешқандай жақсылық әкелмейтінін, келешекте Алаш өкілдерінің халқы үшін жасаған жанқиярлық іс-әрекеттерін кешірмейтінін, керегінде пайдаланып, кейін ойланбастан құрбандыққа шалатынына 1917 -1920жж. көздері жетті [1, 74 б.].

Алаш зиялыларының ерлігі- осындай жағдай болатынын біле тұра өз идеяларынан өлім алдында да бас тартпай ақырғы күндеріне дейін күресуі.

Ұлттық атауының өзі еркіндікті меңзейтін қазақ халқы Ресей империясының бодандығына түскесін де өз азаттығы жолында үздіксіз күресін тоқтатқан жоқ. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында азаттық күрестің екпіні уақытша бәсеңсіген тұсында қазақ жастарының бір толқыны Ресей империясының әр аймақтарында білім алып, рухани шыңдалып XX ғ. басында қазақ елінің саяси аренасына Алаш қозғалысы атымен шықты.

Алаш қозғалысы қайраткерлерінің іс-әрекеттері басқа елдердегі саяси қозғалыстарынан ерекшеленіп тұратыны- қазақ зиялылары саяси-мәдени қайраткерлікті тұтас ұстанып күресті [2, 35 б.].

Алаш арыстары Ресей империясындағы саяси жағдайға байланысты азаттық күрестің жаңа бағытын таңдады. Бұл бағыт- неғұрлым демократиялық реформалар арқылы бейбіт жолмен, аз шығынмен автономиялық елдікке қол жеткізу, кейін орайы келсе дербес тәуелсіз мемлекет құрып адамзат қоғамдастығында іргелі ел болып гуманистік принциппен өмір сүру.

Қазақ халқының ұлттық мүддесі- тәуелсіздікке қол жеткізу үшін алаш зиялыларының көшбасшылары ортақ мақсатқа мәмілеге келіп оған жету жолдарын айқындады. Бұл азаттық күресте қазақ халқының озық ойлы тұлғаларының бастарын біріктіріп бір арнаға түсіріп Алаш қозғалысын туындатты.

Алаш қайраткерлері қазақ қоғамының өміріне белсене араласып көпбағытты саяси істер атқарды - баспасөз-ақпараттық құралдарын құрып газет-журналдар шығарды, азаттық, бостандық идеяларын, Алаш идеясын таратты, ұлттық қоғамда туындайтын қайшылықтарды бейбіт түрде шеше білді, әртүрлі әлеуметтік топтардың арасында мәмілегерлік үлкен еңбек атқарды, саяси үндеулерін, өлеңдерін, пікірлерін жариялады, қаулы-қарарлар қабылдады, съездер ұйымдастырды, демократиялық негізде Алаш партиясын, Алаш үкіметін құрды, ұлттық атрибутикаларды дүниеге әкелді, Алаш автономиясын жариялау арқылы ұлтты ұйыстырды, біріктірді, тұтастырды.

Алаш зиялыларының қазақ халқының алдындағы келесі бір жасаған ұлан-ғайыр ұлағатты ісі- мәдени саладағы сан қырлы, оның ішінде әдебиет бағытындағы атқарған өлшеусіз еңбектері.

Алаш қозғалысы өкілдерінің ұлттық мәдениетті дамыту барысында шығармашылықпен істеген зор еңбектері әдебиетті, жазба және ауызша тілді, ұлттық педагогиканы, психологияны, тарихты, этнографияны, публицистиканы, баспасөзді, аударма ісін, медицинаны, биологияны, табиғаттануды, ауыл шаруашылығын, математиканы, өркениетті даму жолдарын қамтыды.

Алаш қаламгерлері шығармашылығында толымды түрде ұлт мүддесі, ұлттық патриотизм, адамды құрметтеу, жалпы адамзаттық құндылықтар, халықтың салауаттылығы, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу жолдары, қазақ халқының адамзат көшінде лайықты орын табу, ана тақырыбы, әйел теңдігі мәселесі - басты тақырыптардың біріне айналды. Ізгілік пен адамгершілікке құрылған осы туындыларда гуманистік идеал, гуманистік ой алдыңғы қатарға шығып, ұлттың адамсүйгіштік қасиеттері бейнеленді.

Отарлық жағдайда көмескіленген Ұлттық патриотизмді, Ұлттық мүддені жаңғыртты. Олардың көптеген еңбектері, оның ішінде А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытовтың және көптеген басқа өкілдерінің ғылыми, әдеби шығармалары Қазақстан Республикасының білім саласындағы бағдарламаларға енгізіліп мектептерде әртүрлі пәндер аясында өтілуде. Әлі қаншама құндылықтары толық зерттелмей, игерілмей зерттеушілерді, басқа да кәсіби мамандарды күтіп жатыр [3, 105 б.]

Алаш арыстарының көзқарастары, мақсаттары, мүдделері қазіргі жан-жақты жаһандану дәуірінде керісінше өткірлене, өзектілене түсуде, оны уақыт айқындап отыр

Алаш зиялыларының зерттелмеген сан-қырлы еңбектерін кәсіби тұғырда саралап, зерделеп, келешек жеткіншек ұрпаққа, жалпы қазақ ұлтына пайдалы еңбектерін, оған дау жоқ, білім саласындағы оқулық бағдарламаға енгізін келешек қоғамның рухани өресін өсіруге, қазіргіден де биік белеске көтеруге болады деп ойлаймыз.

Қорыта келе, Алаш қайраткерлері қазақ қоғамының өміріне белсене араласып көпбағытты саяси істер атқарды - баспасөз-ақпараттық құралдарын құрып газет-журналдар шығарды, азаттық, бостандық идеяларын, Алаш идеясын таратты, ұлттық қоғамда туындайтын қайшылықтарды бейбіт түрде шеше білді, әртүрлі әлеуметтік топтардың арасында мәмілегерлік үлкен еңбек атқарды, саяси үндеулерін, өлеңдерін, пікірлерін жариялады, қаулы-қарарлар қабылдады, съездер ұйымдастырды, демократиялық негізде Алаш партиясын, Алаш үкіметін құрды, ұлттық атрибутикаларды дүниеге әкелді, Алаш автономиясын жариялау арқылы ұлтты ұйыстырды, біріктірді, тұтастырды. Сомен қатар қазіргі таңда Қазақстан әлемге танымал мемлекеттің бірі.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Қойғелдиев М. Алаш қозғалысы. Бірінші том. – Алматы: Мектеп, 2008. – 480 б.

2 «Алаш автономиясы – ұлттық тәуелсіздіктің негізі» атты республикалық конференция материалдары. Л.Н.Фумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. – Түркістан, 2017. – 190 б.

3 Қайырбек К. Әлихан әлемі. Көрсеткіш, мақалалар. - Алматы: Поғирафкомбинат, 2016. – 228 б.

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ ЖАЙЛЫ БІР ҮЗІК СЫР

Мукашева С.Р. тарих пәні мұғалімі, педогоғ – зерттеуші
Каригулова С.С. тарих пәні мұғалімі, педогоғ - зерттеуші
№61 ЖББМ КММ

Қарағанды қаласы, Қазақстан

Аса көрнекті тұңғыш математик, профессор Әлімхан Ермековтың қазақ ғылымына қосқан қомақты үлесі жайлы және Кеңестік солақай саясаттың қуғынына ұшыраған Әлиханның тағдыры баяндалады. Сонымен қатар ғылыми зерттеулері мен еңбектері туралы мағлұмат беріледі. Қазақ тарихындағы ақтаңдақтарды тарих таразысына салу арқылы ақиқатты алып шығу мақсатында зерттеп, тақырыпты ашу. Қылышынан қан тамған қызыл империяның тұсындағы бүркемеленген тарихи шындықты зерттеген ғалымдардың еңбектерімен, сол тұлғалар жайлы тың деректерді қолдана отыра ақиқатты жария ету.

Әлімхан Әбеуұлы Ермековтың өмір жолына тоқталсақ өте тарамы көп ұзақ жол. Әлімхан Әбеуұлы Ермеков 1891 жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Қызылорда совхозы Бөріктас деген жерде дүниеге келген. Әкесі Әбеу халқына қадірлі, озық ойлы, орысша сауаты бар, өз дәуіріндегі зиялылардың бірі. Әли ата 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуына түседі. Мектеп қабырғасында зейінді, алғыр екені көрінеді. Мектепті үздік бітірген Әлімханды әкесі Семейдегі ерлер гимназиясына әкеліп түсіреді.[1]

Рахилия – Әли атамен өмірдің қызығы мен ыстық-суығында да бірге болған аяулы жары. Бір қыз, бір ұл тәрбиелеген. 1960 жылдың күзінде қайтыс болған. Әли ата жұбайымен Томда бірге оқыған, Том медицина институтын бірге бітірген дәрігер еді.

Марқұмның жалғыз ұлы – Мағауия Әлімханұлы Ермеков – профессор, геология-минералогия ғылымының докторы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының мүше-корреспонденті, ұзақ жылдар бойы Қарағанды политехникалық институтында ұстаздық қызмет атқарған, Ұлы Отан Соғысына қатысқан, 1921 жылы дүниеге келіп, 2006 жылы қайтыс болған.

Қызы Раушан білікті инженер маман, Бакуде тұрған. Ардақты тұңғыш профессор ағамыздың немерелес, аталас туысқандарының көбісі Жезқазған қаласында салауатты өмір сүруде.[1]

Әлімхан Ермековты алғашқы шәкірттерінің бірі, кейін Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Қажым Жұмалиевтің естелігінде алғашқы көруін тамаша суреттеген.

Сол жағындағы – доцент Ермеков ұзын бойлы, сұлу денелі, тіптік, қыр мұрынды, қараторы келген, айтарлықтай-ақ кісі екен. Сол кездің модасымен шашы ұзын, бірақ қылаусыз, мойылдай қап-қара... Алтын пенсенесі жарқ-жұрқ етіп, әлде бір әңгімелер айтып профессор Фатовты күлдіріп келеді. Өзі де күледі жәп-жәй күлмейді, сақылдап қатты күледі. Ондай күлкі тек адал адамдарға тән ғой...[5]

Әлімхан Ермеков 1957 жылы 26 қарашада толық ақталады. Қарағанды тау-кен институтына жоғары математика кафедрасының ұстазы болып өмірінің ақырына дейін қызмет етеді. 1970 жылы 23 маусымда қайтыс болған.[1]

Тағылымды тағдыры. Әли ата 1899 жылы Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға түседі. Мектеп үздік бітірген Әлімханды әкесі 1905 жылы Семейдегі ерлер гимназиясына әкеліп түсіреді. 1912 жылы Әлімхан Семей гимназиясын алтын медаль бітіріп шығады. 1925